



Газет
2007 жылғы
22 қарашадан
шығады

gazeta_eltilegi@mail.ru

ЕЛ ТІЛЕГІ

№31 (835) Сәрсенбі 2 тамыз 2023 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

<http://www.qsip.kz/>

<http://www.instagram.com/eltilegigazeti>

<http://www.facebook.com/eltilegigazeti>



Жеделхат жолдады

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Елдің солтүстік-батысында болған лаңкестік шабуыл салдарынан көптеген азаматтың қаза табуына байланысты көңіл айту жеделхатын жолдады.

Мемлекет басшысы Қазақстан халқының және жеке өз атынан жақындарынан айырылған отбасыларға қайғыра көңіл айтты, сондай-ақ зардап шеккендердің тезірек сауығып кетуіне тілектестік білдірді.

Басқарма төрағасын қабылдады

Мемлекет басшысы «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ басқарма төрағасы Қанат Шарлапаевты қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа 2023 жылдың I жартыжылдығындағы «Бәйтерек» холдингі қызметінің нәтижелері, соның ішінде кәсіпкерлерді, агроөнеркәсіп кешенін қолдау және халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету жөніндегі бастамалардың іске асырылу барысы туралы баяндалды.

Президентке ұсынылған мәлімет бойынша ірі бизнесті қаржыландыру көлемі 114,4 млрд теңге. Холдинг «Даму» қоры арқылы шағын және орта бизнесті дамытуды белсенді қолдайды. Қор 15 мыңнан астам кәсіпкерге қолдау көрсетті.

Жыл басынан бері «Отбасы Банк» 29 мың отбасының баспаналы болуына көмектескен. Банк баспананы жалға беруді субсидиялау бағдарламасына да белсенді қатысып келеді. Бағдарлама аясында I және II топтағы мүгедектері бар адамдарға, мүгедектері бар балаларды, жетім балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға және көпбалалы отбасыларға қайтарымсыз мемлекеттік қолдау көрсетілді. Бірінші жартыжылдықта аталған бағат бойынша 9 мыңнан астам өтінім мақұлданды.

Сондай-ақ «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ арқылы жыл басынан бері 271 млрд теңгеден астам қаржы бөлініп, 9 мыңға жуық фермерге қолдау көрсетілгені туралы хабарланды. Биыл 3,5 млн гектар жерге егін егілді. Бұл – еліміздегі барлық егін алқабының 15 пайызы. Азық-түлік қауіпсіздігін нығайту және импортқа тәуелділікті төмендету үшін ауыл шаруашылығындағы инвестициялық жобаларды несиелендіруге 131 млрд теңгеден астам қаражат бөлінді. Аграрлық секторды қаржыландыру көлемінің 70 пайыздан астамы «Аграрлық кредиттік корпорация» АҚ мен «ҚазАгроҚаржы» АҚ-ға тиесілі. Кездесу соңында Президент бизнестің ахуалын жақсартуға және әлеуметтік тұрғын үй саясатын жетілдіруге бағытталған нақты тапсырмалар берді.

Жартыжылдықтың есебі берілді

Мемлекет басшысы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің төрағасы Марат Омаровты қабылдады

Президентке биылғы бірінші жартыжылдықтағы бәсекелестік жағдайы және негізгі тауар нарықтарындағы бәсекелестікке кедергі келтіретін тосқауылдар жөнінде есеп берілді.

Мемлекет басшысына монополияға қарсы тергеу амалдарының аралық нәтижелері, экономиканы монополиядан арылту және бәсекелестікті дамыту үшін қабылданған шаралар, сондай-ақ монополияға қарсы органның рөлін күшейту мәселесі туралы баяндалды. Жыл басынан бері монополияға қарсы заңнаманы бұзу деректері бойынша 48 істі тергеу аяқталды. Сондай-ақ 33 іс тергеліп жатыр. Бұл ретте жосықсыз нарық субъектілеріне 3,5 миллиард теңгеден астам айыппұл санкциясы салынды. Соттың қарауында 40-тан астам монополияға қарсы іс бар.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев ел экономикасының негізгі салаларын монополиядан арылту жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыру ісін жалғастыруды және бәсекелестікті дамыту бойынша қосымша ұсыныстар дайындауды тапсырды.

akorda.kz

ЖАТАҚХАНА ЖАЙЫ ЖӘНЕ «АУЫЛ АМАНАТЫ»

ҚР Премьер-министрі Ә.Смайыловтың төрағалығымен Президенттің сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі республикалық штаб отырысы өтті. Министрлер мен өңір әкімдері студенттік жатақханалардағы орын тапшылығы мәселесін шешу, «Ауыл аманаты» жобасын іске асыру барысын баяндады.

Республикалық штаб отырысынан кейін облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Үкімет басшысының тапсырмаларын іске асыру жөнінде мәжіліс өткізіп, жауапты сала басшыларына бірқатар тапсырма берді.

– Бүгінгі республикалық штаб отырысында Үкімет басшысы студенттік жатақханалардағы орын тапшылығы мәселесін шешу үшін тиісті шаралар қабылдауды тапсырды. 2022-2023 оқу жылында облыстағы жоғары оқу орындарында, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында 36 238 студент білім алды. Оның ішінде 5 793 студент жатақханамен қамтылған. Аймақтың 30 колледжіндегі 20 672 студенттің 3646-сына жатақхана берілген. Облыс орталығы мен аудандардағы колледждер жатақханаларында орын тапшылығы мәселесі болмауы тиіс. Жергілікті кәсіпкерлермен бірлесіп, колледждердегі жатақхана қажеттілігі мәселесін жедел шешу үшін шара қабылданыр, – деді аймақ басшысы.

Жаңа оқу жылында Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетіне шетелдік студенттердің қабылдануы, студенттер санының өсуіне орай жатақханаларда орын тапшылығы болуы ықтимал. Осыны ескеріп,

жаңа оқу жылы басталғанға дейін мәселені жедел шешу тапсырылды. Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында кәсіпкерлермен келіссөздер жүргізіп, жаңа жатақханалар салу мәселесін қарау қажет. Облыстық білім басқармасына Арал индустриалды-техникалық колледжінің 75 орындық жатақханасын жаңа оқу жылына дейін пайдалануға беру тапсырылды. Мұнан бөлек, Қазалы аграрлы-техникалық және Қызылорда көпсалалы жоғары колледждеріне қажетті жатақхана құрылыстарын кәсіпкерлермен бірлесіп жүргізуді қолға алу жүктелді.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе – «Ауыл аманаты» жобасы бойынша сенім билдірген өкіл (агент) «Байқоңыр» ӨАҚ-не осы жылға 3 млрд теңге қаржы аударылды. Құжаттар қабылдау биылғы 20 шілдеден басталды. Облыс әкімі бағдарламаны тиімді және мақсатты пайдаланып, ауыл халқының табысын арттыруда жоғары көрсеткіштерге қол жеткізуді тапсырды.

ОБЛЫС ӘКІМІ ЖАҢАҚОРҒАН АУДАНЫНА БАРДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Жаңақорған ауданына жұмыс сапарымен барып, әлеуметтік нысандардың құрылыс жұмыстарымен танысты.

Алдымен аймақ басшысы Жайылма ауылдық округіндегі 150 орындық ауылдық клубтың құрылыс алаңына барды. Нысанның бас мердігері – «Астана Сервис ЛТД» ЖШС құрылысы 2021 жылы тамыз айында бастаған. Алдағы тамыз айында аяқталмақ. Әрі қарай Нұрлыбек Машбекұлы осы ауылдық округтегі егін алқабын аралады.

Биыл Жаңақорған ауданында 38 мың гектарға жуық жерге майлы және мал азықтық дақылдар, картоп, көкөніс-бақша дақылдары және т.б. егілген. Мұнан бөлек, облыс әкімінің тапсырмасымен картоп, көкөніс-бақша дақылдарын егуге ынталы азаматтарға 295 гектар жер дайындалып берілді. Еске салақ, өткен жылдан бері ауылдарда өздерін қажетті азық-түлікпен қамтуға және қосымша табыс табуға ниет білдірген отбасыларға осындай қолдау шарасы



қарастырылған.

Мұнан әрі аймақ басшысы аудан орталығындағы 300 орындық мектеп құрылысымен танысты. Білім ошағы 2020 жылдан бері салынууда, алдағы оқу жылында пайдалануға берілмек. Облыс әкімі мектеп құрылысын сапалы жүргізіп, уақытылы аяқтауды тапсырды.

Сапар соңында Нұрлыбек Машбекұлы Жаңақорған кенті

С.Қожанов көшесіндегі теміржол өткеліне барды. Ұзындығы 92 метр көпір өткен ғасырдың 60-шы жылдары салынған. Алдағы уақытта нысанның техникалық жағдайына сараптама жасалады. Пайдалануға жарамды болса, оған қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілмек.

Қызылорда облысы әкімінің баспасөз қызметі



ҚАЗАҚСТАНДА 340 МЫҢҒА ЖУЫҚ БАЛА 1-СЫҢЫПҚА ҚАБЫЛДАНДЫ

Елімізде 1-сыныпқа оқушыларды қабылдау мерзімі аяқталды. Құжаттарды қабылдау толық төрт ай, яғни I сәуірден I тамызға дейінгі аралықта жүргізілген болатын.

«Осы мерзім ішінде қазақстандықтардан 377 681 өтініш келіп түскен. Оның ішінде 339 880 оқушы бірінші сыныпқа қабылданды. Өтініш берілулердің 70,7% мектепті мемлекеттік тілде оқуға ниет білдірді. Құжаттарды қабылдау egov.kz электронды порталы және жергілікті атқарушы органдардың ақпараттық жүйелері арқылы жүзеге асырылды», – деп жазылған министрлік хабарламасында.

Сондай-ақ, бірінші сыныпқа қабылданушылардың ең жоғары көрсеткіші Шымкент қаласында (99,3%), Павлодар (97,6%), Шығыс-Қазақстан (96,6%) облыстарында тіркелген.

ШАРУАШЫЛЫҚ БАСШЫЛАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Өткен аптада облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Сырдария ауданының Нағи Ілиясов ауылында егін алқабын аралап, шаруашылық басшыларымен маңызды деген мәселелерді талқылады.

Облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Талғат Дүйсебаев егісті күтіп-баптау және суару барысын баяндады. Биыл дақылдарды тұрақты суаруға 3,8 млрд теңге метр су лимиті белгіленген. Осыған сәйкес, 195,9 мың гектар жерге дақылдар егілді. Оның ішінде күріш көлемі 88,1 мың гектар, дәнді дақылдар 100,4 мың гектар, майлы дақылдар 5,3 мың гектар, мал азықтық дақылдар 70,4 мың гектар, картоп, көкөніс, бақша 19,9 мың гектар болды. Өткен жылмен салыстырғанда жалпы егін көлемі 7,4 мың гектарға, күріш 9,5 мың гектарға, картоп, көкөніс, бақша 302 гектарға артық болса, майлы дақылдар 653 гектарға, мал азықтық дақылдар 916 гектарға кеміген.

Сонымен қатар, су үнемдеу технологияларын қолдану арқылы 872,5 гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары орналастырылды. Оның ішінде 577,5 гектар жерге тамшылатып, 295 гектарға жанбырлатып суару әдістері қолданылған. Аймақ басшысы егін маусымын ұтымды ұйымдастырып, өнімді шығынсыз жинауды тапсырды.

«Ел тілегі» ақпарат



ДИНМҰХАМЕД ЕРМЕКОВ – ДІН ІСТЕРІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ БАСШЫСЫ

Сенбі күні облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте Қызылорда облысының дін істері басқармасының жаңа басшысы таныстырылды.

Облыстық бірыңғай конкурстық комиссияның шешімі және облыс әкімінің өкімімен Қызылорда облысының дін істері басқармасының басшысы лауазымына Ермеков Дінмұхамед Жандарбекұлы тағайындалды. Аймақ басшысы қоғамдағы діни тұрақтылықты сақтау, діни алауыздықтың алдын алу аса маңызды екенін атап өтті.

– Дін саласындағы қазіргі заманғы қауіп пен сын-кәтерлерді ескеретін болсақ, қоғамдағы діни тұрақтылықты сақтау және дамыту үшін осы саладағы мемлекеттік саясатты жүргізуде қазіргі заманғы технологияларды қолдану қажет. Бұл ретте, ақпараттық түсіндіру, оңалту және интернеттегі насихат, мониторинг пен кешенді талдау үздіксіз жүргізілуі керек. Дінмұхамед Жандарбекұлы өңірдегі діни тұрақтылық мәселелеріне толыққанды бақылау жасауды тапсырамын. Жастарды діни экстремизмге тартуға жол бермеу үшін азаматтардың бойына деструктивті діни идеологияларға қарсы иммунитет қалыптастыру аса маңызды. Басқарманың жаңа басшысы осы бағыттағы жұмыстарды жоғары деңгейде атқаруға міндетті, – деді облыс әкімі.

Дінмұхамед Жандарбекұлы 1992 жылы дүниеге келген. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Құқықтану» және «Қаржы» мамандықтары бойынша білім алған. Еңбек жолын 2014 жылы «Парасат Снаб» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің заңгері ретінде бастаған.

2014-2015 жылдары Алматы облысы Жамбыл ауданының ішкі саясат бөлімінде, Мәтібулак ауылдық округі әкімі аппаратында, Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті Алматы қаласы бойынша департаментінің бас маманы лауазымдарында еңбек етті. 2015-2018 жылдары Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму, Ұлттық экономика, Қорғаныс және және аэроғарыш өнеркәсібі министрліктерінде сарапшы, бас сарапшы ретінде жұмыс атқарды. 2018-2021 жылдары Қазақстан Республикасы Премьер-министрі Кеңесінің бас консультанты, бас сарапшысы, Президент Әкімшілігінің сарапшысы, консультанты жауапты қызметтерінде болған. 2023 жылдың ақпан айынан бастап Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары қызметін атқарып келді.



ЖАЛАҒАШТА ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ КӨП

Жалағаш ауданында өнеркәсіп өнімдерін өндіру 99,8 пайызға өсіп, 18 млрд 110 млн теңгені құрады. Оның ішінде өңдеу өнеркәсібі шаруашылықтардың күршіс ақтау есебінен 30,6 пайызға артып, 5 млрд 225 млн теңгені өнімі өндірілген.

Негізгі капиталға тартылған инвестицияның көлемі 7 млрд 668 млн теңгені құрап, 91,2 пайызға артқан. Ауыл шаруашылығы өнімінің көлемі 3 млрд 493 млн теңгені құрап, 101,7 пайызға орындалған. Облыс әкімдігі жанындағы өңірлік коммуникациялар қызметінде БАҚ өкілдерімен өткен брифингте аудан әкімі Аскарбек Есжанов осылай деді.

Жиында ауданда алты айда атқарылған жұмыстар сараланып, алдағы мақсат-міндеттерге кезек берілді. Сондай-ақ спикер журналистердің бірқатар сауалын да жауапсыз қалдырмады. Шыны керек, соңғы жылдары Жалағашта құрылыстың қарқын алғанын ел жақсы біледі. Қай саланы алып қарасақ та өсу бар, өрлеу бар. Алты айда тұрғын үй көлемі 13 509 шаршы метрді құрап, 42 жеке тұрғын үй пайдалануға берілген. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 100,3 пайызды құрады. Алты айда бөлшек сауда айналымының көлемі 1 млрд 198 млн теңгені құрап, жеке 115,7 пайызға орындалған. Ал құрылыс жұмыстарының көлемі 3 млрд 350 млн теңгеге орындалып, 134,6 пайызды құрады.

Аскарбек Темірбекұлы ауданның негізгі макро-экономикалық көрсеткіштерін орындауы тұрақты бақылауда екенін айтады. Биыл аудан бюджеті 9,2 млрд теңге болып бекітілген. Бүгінде нақтыланған

аудан бюджеті жыл басында бекітілген бюджетпен салыстырғанда 1,1 млрд теңгеге ұлғайып, 10,3 млрд теңгені құрап отыр. Оның ішінде жергілікті кірістер – 2 млрд теңге, субвенция көлемі – 3,8 млрд теңге, жоғары тұран бюджеттен берілген трансферттер – 4,1 млрд теңге, бюджеттік кредиттер – 139,7 млн теңге. Бұл ретте ауданның жалпы түсімдері 5,6 млрд теңгені құрап, жоспар 104,1 пайызға орындалған. Оның ішінде өз кірістеріміз 1 млрд теңгені құрап, жоспар 155,1 пайызға орындалған.

Бытыр ауданның барлық елді мекендерін аралап, тұрғындармен жүздесіп, халықтың талап-тілегін тыңдап, ауданды одан әрі дамыту мақсатында «Жалағаш ауданын дамытудың 2023-2025 жылдарға арналған перспективалық іс-шара жоспары» бекітілген. Онда білім, денсаулық сақтау, құқық қорғау, мәдениет және спорт салаларын дамыту, жолдар мен ішкі көшелерді жөндеу, тұрғын үймен қамтамасыз ету және инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту, сондай-ақ жарықтандырумен абаттандыруға бағытталған жалпы құны 11,4 млрд теңгені құрайтын 137 жоба енгізілген. Оның ішінде биыл 32 жоба жүзеге асса, келер жылдың еншісінде 50 жоба бар, 2025 жылға 55 жобаны жүзеге асыру көзделген.

ӘДЛІ СОТ – ЕЛ КЕМЕЛДІГІНІҢ КӨРІНІСІ

Биыл Қызылорда облыстық сотының құрылғанына – 85 жыл толды. Тарихқа көз жүгіртсек, Қызылорда дербес облыс ретінде 1938 жылы құрылған. 1938 жылға дейін он жыл бойы облыс көлемінде ҚазАКСР Халықтық Әділет комиссариатына бағынысты округтік сот жұмыс істеген.

Округтік сот Заңмен белгіленген істерді жүргізу жөніндегі бірінші сатыдағы, ал бағынысындағы халық соттары ісі жөніндегі екінші сатыдағы сот болып бөлек есептелді. Аталмыш соттың құзырына Қызылорда, Қазалы, Арал қалалық және 140 елді мекендерді қамтыған Қызылорда, Шиелі, Қараөзек, Қазалы, Қармақшы, Қарсақпай, Аламесек аудандарының соттары қарады.

Жалпы кеңестік жүйедегі округтік сот ісін жүргізу бірден қалыпты жағдайда дамуына мүмкіндіктері болмаған. Округтік соттың штаты мейлінше аз болған. Қызылорда округтік сотында қылмыстық және азаматтық бөлімдерді бірге есептегенде небәрі 12 адам ғана қызмет атқарды. Төрағалардың, жетекші мамандардың жиі ауысуы жұмыстың жүйелі жүрінуіне кедергі келтіріп отырған. 1930 жылдың желтоқсан айында Қызылорда округтік халық соты Сыр өңіріндегі әкімшілік-аумақтық бөлініске байланысты таратылып, 1931 жылдан бастап аймақтағы сот істерін Оңтүстік Қазақстан облыстық сотының көшпелі сессиясы атқара бастады.

Облыстық соттың жаңа тарихи кезеңі жоғарыда аталғандай 1938-жылдың 15-қантарында Қызылорданың облыс ретінде құрылуымен байланысты. Сол 1938 жылдың 4 наурызында облыстық соты құрылды. Осы кезеңнен бері Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін жариялағанға дейінгі уақытта отандық сот жүйесі бірнеше мәрте реформаланып, өзінің тарихи даму кезеңдерінен өтті.

Егемендік алғаннан кейін Қызылорда облыстық сотының жұмысы бірден жақсарып кетті деуіміз жалған болар, себебі кіршіксіз ешнәрседе болмайды.

Сот жүйесін жақсартуда ғимараттар, жаңа үлгімен жабдықталған сот залдары, компьютерлер, білімді кадрлердің жетіспеушілігі байқалды. Барлық аудандарда дерлік партия, кеңес органдарынан босаған көрнекті ғимараттар соттарға беріле бастады. Қаланың ең көрікті жері - қала алаңында орналасқан әсем ғимарат соттарға берілді. Бұл ғимаратта Қызылорда облыстық, қалалық, мамандандырылған ауданаралық экономикалық, әкімшілік соттары, әділет басқармасы мекемелері орналастырылды.

Өткен тарихты бағалай отыра облыстық сотта әр кезеңде қызмет атқарған аға бұрынға құрметтіміз шексіз. Осынау гасырға жуық өз тарихындаоблыс соттары еліміздің тұрақты дамуына зор үлес қосып, қоғам және мемлекет өмірінде туындайтын жанжалдар мен даулардыәділ шешу бағытында небір күрделі, тағдырлы істерге төрелік етті. Бүгінде облыстық соттың судьялар корпусы азаматтардың конституциялық құқықтарының қорғалуына, заң үстемдігінің берік орнығуына және сот тәуелсіздігінің нығаюына сүбелі үлес қосып келеді.

Еліміз өз Тәуелсіздігін жариялаған жылы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заң қабылданып, елде мемлекеттік билікті заңнамалық деңгейде: заң шығарушы, атқарушы және сот билігіне бөлу қағидаттары енгізілді. Содан бері сот жүйесінің тәуелсіздігін нығайтуға бағытталған маңызды заңдарды қабылдау, шығару жұмыстары кеңінен жүргізілді. Сот жүйесінің тәуелсіздігі қағидаттарының негізгі кепілдіктері Конституцияда қаланды. Осының негізінде

Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады. Сот жүйесінде түбегейлі өзгерістер орын алып, мемлекеттік биліктің дербес тармағы – соттың іретасы қаланды.

Сол уақыттан басталған реформа кезең-кезеңімен заң-ержелер, бағдарламалар, халықаралық тәжірибе және сарапшылардың талқылауымен жетілдіріліп келеді. Қызылорда

мақсатында экономикалық, әкімшілік, ювеналдық және басқа да арнаулы соттар институтын дамыту мәселесін қарастыру, сондай-ақ азаматтық-құқықтық дауларды шешудің балама әдістерін, мысалы, аралық соттардың қызметін заңмен реттеу, оларды халықаралық стандарттарға жақындата отырып, қарастыру көзделді. Аталған тұжырымдамаға сәйкес,



облыстық соты да Сот төрелігін тәуелсіз де бейтарап және әділетті жүзеге асыруды қамтамасыз ету мақсатында, қылмыстық сот ісін жүргізуіне алқабилер институты енгізілді, тұтқындауға санкцияны соттың беруі бекітілді, экономикалық, әкімшілік, кәсіптік жасақ толғағандар, аса ауыр қылмыстық істерді қарайтын мамандандырылған соттар құрылып қызметін бастады.

Тәуелсіздік алған жылдардағы реформалар заман ағымына сай кезең-кезеңімен үздіксіз жетілдіріліп отырды. Соның жалғасы ретінде 2000 жылы «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңның қабылдануына орай жаңа қарқын алды. Заңда республикадағы сот құрылымының принципті жаңа нормалары, соттардың қызметін ұйымдастыру тәртіптері белгіленді. Арادا екі жыл өткен соң мемлекеттік Құқықтық саясат тұжырымдамасы қабылданды. Бұл тұжырымдамада сот жүйесін жетілдірудің, судьялардың тәуелсіздігін нығайтудың негізгі критерийлері тағы да айқындалды. Сот жүйесінен одан әрі жетілдіру

Президенттің Жарлықтарымен мамандандырылған ауданаралық экономикалық және әкімшілік соттар, кәсіптік толғағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттар құрылды.

Қазір Сот жүйесінің көп сатылығы жойылды, судьялардың кадрлық іріктеу жүйесі жаңғыртылды, судьялар әдебинің жаңа кодексі қабылданды. Тараптарды бітістіру рәсімдері мен дауларды соттан тыс реттеу тетіктерін жетілдіру қолға алынды. Сот жүктемесі азайтылды, сот актілерін ұғынықты тілде түсіндіру тәжірибесі енгізілді, жаңа электрондық сервистер мен жобалар іске қосылды, сот жүйесінің материалдық базасы нығайтылды, өңірлерде фронт кеңселер ашылды. Бұл батыл қадамдар мен сан-салпы жұмыстар сот жүйесін белсенді дамытудың жаңа қырын қалыптастырып, судьялардың жұмысына тың серпін беріп отыр.

**АЯН АЛТЫНБАЕВ,
Жалағаш аудандық соты
әкімшісінің басшысы
«Қызылорда облыстық
судьялар Одағының мүшесі»**

АРАЛДА БАЙЛАНЫС САПАСЫН АРТТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Таяуда Жамбыл, Түркістан, Қызылорда және Шымкент өңірлері бойынша байланыс инспекциясының басшысы Ержан Токтағұлов жұмыс сапарымен Арал ауданына келген болатын. Сонымен бірге аудан әкімдігінің мәжіліс залында байланыс инспекциясы басшысының және сала мамандарының қатысуымен арнайы жиын өтті.

Жиын барысында алдымен аудан әкімі Серік Сермағамбетов елді мекендердің ұялы

байланыс желісімен қамтылуы жөнінде баяндап өтті. Сонымен бірге алдағы уақытта ауыл халқының толық әрі сапалы байланысқа қол жеткізуі үшін барлық мүмкіндіктерді пайдалану жөніндегі ішкі тапсырмадан ауданға қарасты 49 елді мекеннің 45-і ұялы байланыс желісімен қамтылған екен.

Одан соң байланыс инспекциясының өңіраралық басшысы Ержан Токтағұлов байланыс желісіне қатысты мәселелер

бойынша шалғай елді мекендерді аралап шыққандығын және кемшіліктер бойынша зерделеу жұмыстары ұйымдастырылып, тиісті шаралар атқарылатынын айтты. Мұнымен бірге сала мамандарымен бірлесіп жұмыс жүргізудің нәтижелі болатындығына тоқталды. Жиын барысында аталған тақырып аясында өзге қатысушылардың ұсыныс-пікірлері тыңдалып, жауап берілді.

ҚЫЗЫЛОРДАДА БАНК ҚЫЗМЕТКЕРІ 600 МЛН ТЕНГЕДЕН АСТАМ АҚШАНЫ ҰРЛАП КЕТКЕН

Қызылорда облысында банк қызметкері 600 млн теңгеден астам ақшаны ұрлап кеткен. Ұрлық фактісін бойынша ҚМА өңірлік департаменті тергеуде. Банк қоймасындағы қаражатты тексеру барысында 602 900 000 теңге жетіспейтіндігі анықталған. Контроллер-кассир шамамен 1 000 000 теңгеден 4 000 000 теңгеге дейін ақшаны бөлшектеп, қасадан ұрлағаны анықталды. Банктің 2021-2023

жылдар аралығындағы бейнебақылау камераларының жазбалары тәркіленді, онда қасадан халаттың жеңіне оралған ақшаларды шығару арқылы ұрлау фактілері тіркелген.

Күдікті жасаған қылмыстық құқық бұзушылықты толық мойындады. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында бұқмекерлік кенседен оның атына тіркелген шотынан ақпарат алынып, соңғы 3,5 жылда есепшотқа

158 млн теңге түскені анықталды. Сонымен қатар, оның атына және жұбайының атына тіркелген абоненттік нөмірлерден бұқмекерлік кенселердің есепшотына ақша аудару бойынша операциялар жүргізілгені туралы ақпарат келіп түсті. Күдікті қамауға алынып, уақытша ұстау изоляторына қамалды. Сотқа дейінгі тергеу жалғасуда. ҚР ҚІПК 201-бабына сәйкес өзге мәліметтер жария етілуде жатпайды.

- ҚР Конституциясының 77-бабының 3-тармағының 1-тармақшасына және ҚР Қылмыстық-процестік кодексінің 19-бабының 1-бөлігіне сәйкес, қылмыстық құқық бұзушылық жасаудағы кінәсі соттың заңды күшіне енген үкімімен белгіленгенге дейін әркім кінәсіз деп есептеледі.
- Call-center: 1458

ТАРИХИ МЕКЕМЕНІҢ ҚОҒАМДА 65 МЫҢНАН АСТАМ ЭКСПОНАТ САҚТАЛҒАН

Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі – Сыр өңірінің 85 жылдығына орай Сыр елінің 85 жылдығы аясында алғаш рет «Алтын киімді Ұлы дала» атты көрме ұйымдастырылып, қасиетті мекендегі құнды жәдігерлер жұртшылыққа таныстырылды. Бүгінде облыстық музейдің қорында өлке тарихы мен мәдениетіне қатысты 65 мыңнан астам экспонат сақталып отыр. Сондай-ақ мұнда екі мыңнан астам әйгілі Хорезм археологиялық-этнографиялық бұйым бар. Қызылорда облысының өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында облыстық тарихи-өлкетану музейінің директоры Сапар Көзейбаев аталмыш мекеменің жұмысымен таныстырып, алдағы жоспарларымен бөлісті.

«Бүгінде облыстық музей қорындағы құнды экспонаттарды цифрландыру және қолжетімділігін арттыру мақсатында «АС-Музей» автоматтандырылған ақпараттық жүйесі орнатылды. Сонымен қатар Қызылорда облысының 85 жылдығы аясында жыл басынан бері мәдени, тарихи-танымдық шаралар мен «Музей энциклопедиясы», «Тарих көмесі», «Тұлғану», «Бір әулеттің тарихы», «Тарихтағы санай», «Музей радиосы», «Жас өлкетанушы», «Бұл ұлы, кім тұрған?!» атты музейлік жобалары жүзеге асуда. Бұдан бөлек, Сыр өңірінің тарихы мен мәдениетін, көненің көзіне айналған жәдігерлерімізді Арқа жұртшылығына таныстыру мақсатында Қараған облыстық тарихи-өлкетану музейінде «Сыр өңірі – Түркі өркенінің алтын бесігі» атты көрме ұйымдастырылды. Ал Маңғыстау облыстық музейінде зергерлік бұйымдар коллекциясынан «Сыр өңірінің зергерлік өнері» тақырыбында этнографиялық көрме ұйымдастырылды. Алдағы уақытта ортағасырлық Сығанақ қалашығынан табылған археологиялық материалдар негізінде сак жауынгерінің реконструкциясын дайындау жоспарланып отыр», – деді Сапар Көзейбаев.

«STARTUP JOLY» ИНКУБАЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ БАСТАЛАДЫ

Сыр елінде инновациялық жобаларды дамыту мен инвестиция тартуға көмек беретін, IT бойынша кадрлар даярлау және тегін білім берумен айналысатын Kyzylorda Hub бизнес-инкубаторының өңірлік орталық ретінде ашылғанына 4 ай болды. Сәйкесінше, орталық жастар арасында грант жариялап, түрлі байқаулар ұйымдастырды. Бұдан бөлек, инкубациялық кезең де басталғалы жатыр. Бұл туралы Қызылорда облысының өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында өткен брифингте Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті Kyzylorda Hub бизнес-инкубаторының басшысы Жанарыс Тубекбаев мәлімдеді.

«Аймақ пен ел экономикасының дамуына елеулі үлес қосуға қабілетті бизнес-қоғамдастықты қалыптастыру мақсатында «Startup Joly» инкубациялық бағдарламасын ұйымдастырамыз. Startup Joly бағдарламасының мақсаты – инновациялық стартаптар мен кәсіпкерлік бастамаларды қажетті

ресурстармен, біліммен және қолдаумен қамтамасыз ету, кәсіпкерліктің әртүрлі аспектілері, соның ішінде идея, маркетинг, сату, қаржы және құқықтық мәселелер бойынша дағдыларды арттыру, инновация, технология және кәсіпкерлік саласындағы халықаралық аренада аймақ пен елдің бәсекеге қабілеттілік деңгейін арттыру

болып табылады», – деді Жанарыс Алтынбекұлы.

«Startup Joly» бағдарламасы 14-ші тамызда басталады. Қатысушыларға идеядан бастап инвестиция тартуға дейін жан-жақты қолдауды ұсынатын бағдарлама екі кезеңнен тұрады. Қатысушылар үшін 16 шеберлік сабағы, 80 семинар мен 50 жеке кездесу ұйымдастырылмақ. Инкубациялық кезең барысында «Стартап деген не? Стартаптың даму кезеңдері» тақырыбынан бастап «Маркетинг», «СММ», «Нарықты зерттеу», «Қаржылық есеп және жобалық бюджет» тақырыптары бойынша қозғалады. Бағдарламаның бас серіктестері: Цифрлық даму, инновациялар мен аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі, «QazInnovations» инновацияларды дамыту жөніндегі ұлттық агенттігі, «Astana Hub» халықаралық технопарк, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті. Серіктестер: Қызылорда облысының «Атамекен» Ұлттық кә-

сіпкерлер палатасы, Қызылорда облысы әкімі аппаратының «Ақпараттық технологиялар тобы».

«Инкубациялық кезеңді сәтті аяқтаған қатысушыларға арнайы сертификат табысталады. Нәтижесінде, «QazInnovations» инновацияларды дамыту жөніндегі ұлттық агенттігінің 100 млн теңгеге дейінгі гранттық қаржыландыру бағдарламасына қатыса алады», – деді Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Рекрутинг және мансап басқармасының басшысы Жандос Оразмаханов.

Айта кетейік, бағдарламаның жұлде қоры 2 млн теңгені құрайды. Инкубациялық кезеңнің нәтижелі аяқталуы үшін Demo Day ұйымдастырылады. Бұл шара барысында қатысушылар бағдарламада үйренген білімдерін көрсетіп, инвесторлар алдында жобаларын таныстырады. Бағдарламаға қатысам деушілер өтінімдерін онлайн түрде www.kyzylordahub.kz сайтында бере алады.

ҚОРДАН МЕДИЦИНАЛЫҚ ҰЙЫМДАРҒА ҚОСЫМША КӨМЕК ТҮРІНДЕ ШАМАМЕН 60 МЛРД ТЕНГЕ БӨЛНЕДІ

Шілде айының соңына дейін барлық өңірлерге қосымша қаржы бөлінеді. Бұл ретте Қызылорда облысының медициналық ұйымдарын қолдауға 5,2 млрд теңге бағытталған. Бұл туралы медициналық қауыммен кездесу барысында Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының басшысы Сәбит Ахметов айтты.

ӘМСҚ-ның тарапынан көмек көрсетіледі. Шілде айының соңына дейін барлық өңірлерге шамамен 60 млрд теңге қосымша қаржы бөлу жоспарлануда, оның 5,2 млрд теңгесі медициналық ұйымдар бойынша одан әрі бөлу үшін Қордың Қызылорда облысы бойынша филиалына жіберіледі.

Бұдан басқа, Қор Денсаулық сақтау министрлігімен бірлесіп сызықтық шкалаға байланыстырмай толық немесе ішінара қор ұстау туралы мәселені қарастырады. Бұл әрбір тіркелген адам үшін амбулаториялық-емханалық буын қызметтеріне жан басына шаққандағы ақы төлеу әдісі. Бірақ бұл үшін тұтынуды толық талдау және тиісті есептерді дайындау қажет. Бұл барлық бизнес-процестерді толық цифрландыру мен автоматтандырудан және медициналық ақпараттық жүйелерден деректерді бірінші дерекқорға біріктіруден кейін ғана мүмкін болады. Бұл бағытта, Қор басшысы атап өткендей, Денсаулық сақтау министрлігі қазірдің өзінде ауқымды жұмыстар атқаруда. Атап айтқанда, eDensauluq бірыңғай платформасы дайындалуда, ол 2024 жылдың қантарына дейін іске қосылуы тиіс. Сондай-ақ, медициналық көмектің аса маңызды

бағыттарының жекелеген түрлері бойынша тарифтерді қайта қарау жоспарлануда. Айта кетейік, сапар аясында Сәбит Ахметов Сырдария аудандық ауруханасының «Ақжарма» дәрігерлік амбулаториясына, облыстық жедел медициналық жәрдем станциясына, ЖШС «Alexey Sultan-Akhmetov» емханасына, көпсалалы облыстық балалар ауруханасына, «Қамқорлық» балаларды оңалту орталығына, «University Medical Center» корпоративтік қоры филиалының балаларды оңалту орталығына барды.

«Көтерілген әрбір мәселе мұқият зерделеніп, қажет болған жағдайда ағымдағы жылдың жұмыс жоспарына енгізіледі», — деді Сәбит Ахметов аталған медициналық ұйымдардың бас дәрігерлерімен кездесу барысында.

Еске салайық, бұған дейін медициналық сақтандыру қорының басшысы Қостанай, Ақмола, Павлодар, Қарағанды, Абай, Шығыс Қазақстан, Ақтөбе облыстарында болған. Бұл орайда Қызылорда облысы Қор Төрағасы аралаған сегізінші аймақ. Жақын арада Түркістан және Жамбыл облыстарына, сондай-ақ Шымкент қаласына бару жоспарлануда.

Жолаушылар мен багажды автомобильмен ауданишілік тұрақты тасымалдау маршруттарына қызмет көрсету құқығына арналған конкурсты өткізу туралы хабарландыру

1. Мұнайлы ауданының әкімдігі, 2023 жылы Мұнайлы ауданы Манғыстау ауылы мекен-жайы бойынша жолаушылар мен багажды автомобиль көлігімен тасымалдау мақсатында, аудан елді мекендерін жалғастыратын тұрақты тасымалдау маршруттарына қызмет көрсету құқығына арналған конкурсты өткізу туралы хабарлайды.

2. Конкурса мынадай маршруттардың пакеттері (маршруттар) шығарылады:

№1 лот «Манғыстау-Атамекен-Манғыстау» маршруты.

№2 лот «Манғыстау-Батыр-Манғыстау» маршруты.

Конкурстың өтетін күні 04қыркүйек 2023 жыл Манғыстау ауылы «Мұнайлы ауданы әкімінің аппараты» ММ-нің ғимараты 1 қабат кіші мәжіліс залы сағат 17:00-де.

3. Конкурса меншік нысанына қарамастан, меншік құқығында немесе өзге де заңды тұлғаларға қарастырылған құралдары бар кез келген жеке және заңды тұлғалар қатысады.

4. Конкурса қатысуға тілек білдірушілер конкурстық құжаттардың жиынтығын алуға жазбаша өтінімді Мұнайлы ауданы Манғыстау ауылында орналасқан қоғамдық ұйымдар ғимаратының 3-қабатында орналасқан «Мұнайлы аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесіне ұсынуы тиіс.

5. Конкурстық құжаттарды алуға өтінімдерді қабылдаудың және конкурса қатысуға өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі: 2023 жылғы «18» тамыз.

6. 2023 жылы 08 тамыз конкурстық комиссия, конкурсты өткізу мәселелері жөніндегі конкурс алдындағы конференция отырысын өткізеді.

7. Анықтама алу үшін телефондар: (87292)46-62-29 (87292)46-62-30.

Объявление о проведении конкурса на право обслуживания маршрутов внутрирайонных автомобильных перевозок пассажиров и багажа

1. Акимат Мұнайлинского района объявляет о проведении конкурса на право обслуживания маршрутов внутрирайонных автомобильных перевозок пассажиров и багажа на 2023 год, по адресу Мұнайлинский район, село Мангистау.

2. На конкурс выставляется следующий пакет маршрутов:

№1 лот маршрут «Мангистау-Атамекен-Мангистау»

№2 лот маршрут «Мангистау-Батыр-Мангистау»

Время проведения конкурса «04» сентября 2023 года 17:00, 1-этаж малый зал ГУ «Аппарат акима Мұнайлинского района».

3. В конкурсе принимаются участие любые физические и юридические лица, независимо от формы собственности, владеющие автотранспортными средствами на праве собственности или иных законных основаниях.

4. Желающие принять участие в конкурсе должны представить письменно заявку на получение комплекта конкурсных документов по адресу: район Мұнайлы, село Мангистау, строение 30, ГУ «Мұнайлинский районный городской отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог».

5. Окончательный срок приема заявок и получение конкурсных документов и приема заявок на участие в конкурсе «18» сентября 2023 года.

6. 08 августа 2023 года конкурсная комиссия проводит предконкурсную конференцию по вопросам проведения конкурса.

7. За справками обращаться по телефону: (87292)46-62-29, (87292)46-62-30.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» №153 Жарлығы талаптарының орындалуы және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 8(7242) 27-42-42 «Сенім телефоны» жұмыс істейтіндігін хабарлаймыз.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ШЕТЕЛДІКТЕР ҚАНДАЙ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕККЕ ЖҮГІНЕ АЛАДЫ?

Қазақстанда көптеген шетелдік компаниялар жұмыс істейді, жұмыс берушілер еңбек мигранттарын тартады. Қазақстандағы шетелдіктер қандай медициналық көмекке жүгіне алады? Осы сауалмен біз Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры Бақыт Исмаханбетовке жүгіндік.

Спикердің айтуынша, шетел азаматтары айналасындағыларға қауіп төндіретін ауру диагнозы қойылса, барлығы медициналық көмек ала алады. Оның түрлері мен көлемдері ҚР ДСМ 2020 жылғы 9 қазандағы №121 бұйрығымен бекітілген. Медициналық көмек тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің (бұдан әрі – ТМККК) қаражаты есебінен берілетін болады.

Шетелдіктер, ТМД елдерінің азаматтары кенеттен болған жағдайлар мен олардың өміріне немесе айналасындағылардың денсаулығына қауіп төндіретін аурулар, жазатайым оқиғалар, улану, жаракат алу, босану және жүктілік кезіндегі шұғыл жағдайлар кезінде жедел және шұғыл медициналық көмек ала алады.

Науқастың өміріне немесе айналасындағылардың денсаулығына қауіп төнген және оны тасымалдау мүмкін болған сәттен бастап медициналық көмек ақылы негізде көрсетіледі. Бұл жағдайда қаржыландыру ТМККК қаражаты есебінен болады. 2000 жылғы 29 ақпандағы N 320 ҚРҰК бекіткен Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына



қатысушы мемлекеттердің азаматтарына медициналық көмек көрсету туралы Келісім медициналық көмек алуға негіз болады. Бірге тұратын, ЕАЭО елдерінің бірінің (Ресей, Белоруссия, Армения және Қырғызстан) азаматтары болып табылатын еңбекші көшіп-

қонушылар және олардың отбасының жақын мүшелері (жұбайы, балалары) алдыңғы тармақтарда көрсетілгендерден басқа МӘМС жүйесінде сақтандырылған мәртебесі болған кезде медициналық көмекті пайдалана алады.

МӘМС медициналық көмегін алу үшін шетелдіктерге алғашқы медициналық-санитариялық көмекке ерікті медициналық сақтандыру (бұдан әрі – ЕМС) шарты қажет екенін білу маңызды. Келісім-шартқа ие бола отырып, мұндай шетелдіктер емханға тіркеле алады. Егер еңбек мигрантының отбасы мүшелері жұмысқа орналаспа, онда олар дербес төлеушілер ретінде МӘМС-ке жарналар төлеуі тиіс (2023 жылы – 3 500 теңге). Балалар, жұмыс істемейтін жүкті әйелдер, мүгедектер, студенттер жеңілдік санатына кіріп, мемлекет есебінен сақтандырылуы мүмкін. Бұған Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт негіз болады. Бұл жағдайда медициналық көмек МӘМС, ЕМС қаражаты немесе шетелдіктердің жеке қаражаты есебінен қаржыландырылатын болады.

Қазақстанда тұруға ықтиярхаты бар шетелдіктер медициналық көмекті ҚР азаматтарымен тең алады, бұл дегеніміз ТМККК және МӘМС көлемінде ала алады (сақтандырылу мәртебесі болған кезде). Шетел азаматтарының бұл санаты жеңілдікке енуі мүмкін. Негізінде - Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы Кодекс (83-бап). Қаржыландыру ТМККК және МӘМС есебінен жүзеге асырылады.

«Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық перинаталдық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнына байқау кенесі мүшесінің лауазымына атқаруға Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы конкурсы жариялайды

Конкурс өткізілетін күні: конкурсты өткізу туралы хабарландыруды жарияланғаннан бастап 30(отыз) күнтізбелік күннің аяқталуына дейін.

Конкурс өткізілетін орны: Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы, мекенжайы: Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 27, 2-этаж, 207 бөлме.

Кәсіпорын атауы, орналасқан жері, пошталық мекенжайы және байланыс телефоны: «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық перинаталдық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны, индексі 120008, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі 12, байланыс телефоны: 8 (7242) 21 48 29, e-mail: orc_korda@med.mail.kz

Негізгі қызметі: облыс халқына стационарлық, стационарды алмастыратын және консультациялық-диагностикалық медициналық көмек көрсету.

Бақылау кенесіне сайланатын тұлғаларға қойылатын талаптар жоғары білімінің болуы, сондай-ақ төмендегі мынадай талаптарының болуы:

1) Денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласында кемінде бес жыл жұмыс тәжірибесінің;

2) Денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы басшылық қызметте кемінде үш жыл жұмыс тәжірибесінің;

3) Денсаулық сақтау және (немесе) экономика және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктердің мүшесі болуын қамтиды.

Конкурса қатысу туралы өтініштерді беру мерзімі: Конкурсты өткізу туралы хабарлама жарияланған күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде.

Конкурса қатысуға ниет білдірген тұлға конкурсы өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде комиссияға мынадай құжаттарды ұсынуы тиіс:

- 1) Конкурса қатысу туралы өтініш (еркін нысанда жазылған);
- 2) Мемлекеттік және орыс тілдеріндегі түйіндемесі;
- 3) Екін нысанда жазылған өмірбаян;
- 4) Үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 5) Жоғарғы білімі туралы құжаттың көшірмесі;
- 6) 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінің 35-бабына сәйкес жұмыскердің еңбек қызметін растайтын

құжаттың көшірмесі;

7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылығы және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары жоқ екендігін растайтын құжаттар.

Конкурса қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар, алдындағы жұмыс орнының басшылығынан ұсыным) беруіне болады.

Үміткер конкурстық өтінімнің түпнұсқасын «Түпнұсқа» деп белгіленген конвертке салып мөрлейді. Бұл конвертке қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) және мекенжайы көрсетілуі тиіс. Содан кейін конверт сыртқы конвертке салынып мөрленеді.

Ішкі және сыртқы конверттер:

1) Шақыруда немесе мерзімдік басылымдағы ақпаратта көрсетілген мекенжай бойынша тиісті саладағы уәкілетті органға (жергілікті атқарушы органға) бағытталуы;

2) "_____ - мемлекеттік кәсіпорнының байқау кенесі мүшелерінің конкурсы" және "_____ дейін ашуға болмайды" (шақыруда немесе мерзімдік басылымда көрсетілген конвертті ашу күні мен уақыты) деген сөздерді қамтуы тиіс.

Қажетті құжаттар Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 27, 2-этаж, 207 бөлме. мекенжайы бойынша Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасына тапсырылуы тиіс.

Анықтама үшін байланыс телефоны: 8 (7242) 40-04-51 (3030, 3007).

Управление здравоохранения Кызылординской области объявляет конкурс на занятие должности члена наблюдательного совета коммунального государственного предприятия на праве хозяйственного ведения «Областной перинатальный центр» управления здравоохранения Кызылординской области»

Дата проведения конкурса: по истечению 30 (тридцати) календарных дней со дня объявления проведения конкурса.

Место проведения конкурса: Управление здравоохранения Кызылординской области, адрес: город Кызылорда, проспект Абая, 27, 2-этаж, кабинет №207.

Наименование предприятия с указанием местонахождения, почтового адреса, телефона: КТГП на ПХВ «Областной перинатальный центр» Управления здравоохранения Кызылординской области», индекс 120008, Кызылординская область, город Кызылорда, улица Сұлтан Бейбарыс №12, контактные телефоны: 8 (7242) 21 48 29, e-mail: orc_

korda@med.mail.kz

Основная деятельность: оказание стационарной, стационарозамещающей и консультативно-диагностической медицинской помощи населению Кызылординской области.

Требования к лицам, избираемым в наблюдательный совет, включает наличие высшего образования, а также одного из следующих требований:

1. Наличие опыта работы в сфере здравоохранения или по профилю организации и (или) экономики/финансы и (или) бизнеса и (или) права не менее 5 лет;

2. Наличие опыта работы в сфере здравоохранения или по профилю организации и (или) экономики/финансы и (или) бизнеса и (или) права на руководящей должности не менее 3 лет;

3. Членство в общественных объединениях в сфере здравоохранения и (или) экономики и (или) бизнеса и (или) права.

Срок представления заявления об участии в конкурсе: В течение тридцати календарных дней со дня размещения объявления о проведении конкурса.

Перечень документов, прилагаемых к заявлению об участии в конкурсе:

1. Заявление об участии в конкурсе (в произвольной форме);
2. Резюме на государственном и русском языках;
3. Автобиография (в произвольной форме);
4. Копия документа, удостоверяющего личность кандидата;
5. Копия документа о высшем образовании;
6. Копия документа, подтверждающая трудовую деятельность работника согласно статье 35 Трудового кодекса Республики Казахстан от 23 ноября 2015 года;

7. Документы, подтверждающие отсутствие судимости и коррупционных правонарушений, выданные территориальными подразделениями Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан.

Участник конкурса может представить дополнительную информацию, касающуюся его образования, опыта работы, профессионального уровня (копии документов о повышении квалификации, присвоении ученых степеней и званий, научных публикациях, рекомендации от руководства предыдущего места работы).

Участник запечатывает оригинал конкурсной заявки в конверт, пометив его: "Оригинал". На этом конверте указывается фамилия, имя, отчество (при его наличии) и адрес участника. После этого конверт запечатывается во внешний конверт.

Внутренний и внешний конверты должны:

1) быть адресованы уполномоченному органу соответствующей отрасли (местному исполнительному органу) по адресу, указанному в приглашении или информации в периодической печати;

2) содержать слова «Конкурс членов наблюдательного совета государственного предприятия _____»

«и» Не вскрывать до _____ (дата и время вскрытия конвертов, указанных в приглашении или информации в периодической печати).

Необходимые документы предоставляются в Управление здравоохранения Кызылординской области по адресу: город Кызылорда, проспект Абая, 27, 2-этаж, кабинет 207.

Телефоны для справок: 8 (7242) 40-04-51 (3030, 3007).

Халқымыздың әр салтының астарына үйілсек, терең мағына берері анық. Сондай-ақ әрбір қолданған бұйымның да өзіндік орны мен берер мағынасы болған. Қамшыны тек мал айдауға немесе жауынгерге арналған құрал деу ағаттық. Ерте заманда кең қолданысқа ие болғанын сәк дәуірінің мына бір мысалынан аңғарамыз. Нақтырақ тоқталсақ, сол заманда мына үш затты иемденген адам ғана патша болған. Олар – қылыш, тостаған және қамшы. Неге бұл заттар дерісіз? Оның да өзіндік сыры бар. Сол заманда қылыш – мықты жауынгерлікті, тостаған – діннен хабары болу керектігі, ал қамшы – мал бағу, күту жайын жақсы меңгергенін білдірген. Осының барлығын меңгерген жан ғана патша сайланған.

Сан түрі мен сыры мол

Қамшы жасалуы мен қолданылуына қарай бірнеше түрге бөлінеді. Оның әрқайсысының атқару қызметі мен мақсаты, мағынасы бар. Негізіннен сүңдет қамшы, неке қамшы, баптау қамшы, бәйге қамшы, сөп қамшы, аңшы қамшы, көкпар қамшы, үйір қамшы, барымта қамшы, дойыр қамшы, ноғай қамшы, бәсіре қамшы деген түрлерімен танымал. Мұнан өзге де түрі болуы ықтимал. Ал өрмі таспа саньна қарай үш өрмінен басталып, қырық өрімге дейін барады. Көбінесе қамшыны екі жасар серке немесе құнан өгіздің иіні қанған терісінен өріп дайындайды. Қамшының сабына келер болсақ, әдетте төрт-жеті тұтам аралығындағы ұзындықты қамтыған. Қамшы жасайтын адамды өрміші деп атаған. Халық арасында түрлі бояумен сәндеп, өзгеше қамшы түрін жасайтын өрмішілер үлкен құрметке ие болған.

Бір қарағанда көлемі шағын ғана болғанымен қамшы бірнеше бөліктен тұрады. Олар сабы, өрмі, алақаны, бүлдіргісі, сақинасы, шашағы, өзегі, түйіні, шырмауығы. Халқымыз қамшы жасағанда сабына ерекше мән берген. Оны тобылғыдан, ыргайдан, еліктің, киіктің сирағынан немесе таутекенің мүйізінен жасаған. Әсіресе, елік, киік сирағынан металмен, терімен мойнақтап, орам салып, шашақталған қамшылар өте жоғары бағаланған және оған көпшіліктің қолы да жете бермеген. Негізіннен сап үшін ең тиімді ағаш – тобығы. Оның

Қамшыда қасиет бар

Қамшы – қазақ үшін баға жетпес құндылықтың бірі. Ұлтымыздың тұрмыс-тіршілігі мен салт-дәстүрінде қамшының алар орны бөлек. Ол қазақ шаңырағына сән беретін бұйым немесе қару ғана емес, ер жігіттің серігі, сыйлықтың төресі. Бүгінде қамшыны мұражай сәресі мен ұлттың ұлықтаған үйдің төрінен ғана көре аламыз. Бұл құнды мұраның қадірін түсінетіндер мен оны жасаушылардың да қатары азаюда. Жаңалықты жатсынбай қабылдағанмен, атадәстүрден алыстап бара жатқанымыз жасырын емес.

бояуы, әдемілігі, беріктігі ерекше көз тартқан. Мұндай қамшымен қызға барған серінің абыройы артатын болған. Яғни қамшысына қарап-ақ оның әлекегінің аңғарып отырған. Ал күнделікті тұрмыста, яғни мал шаруашылығында қолданылатын қамшылар дыр, дырау, дойыр қамшы деп аталады. Олардың өрмі өзегіне темір, ұшына қорғасын орап өрген. Мұндай қамшының сабы жуан және қатты ағаштан жасалған. Бұл қамшының күштілігі сол, онымен қамшылағанда жылқы ғана емес, атан түйе, өгіз де жүріп кетеді екен. «Дыраумен бір тартқанда адамға шабағын бура да, көкжал қасқыр да орнынан тұра алмай қалған» деген дерек те бұған дәлел.

Тіл орнына қамшы сөйлеген

Қазақ қамшыны тек қол қаруы мен қорғану үшін ғана емес, тіл жетпейтін жерде қамшы арқылы тұспалдап отырған. Аталы сөзге тоқтап үйренген елде қамшының қолданылу аясы өте кең. Қолында қамшысы бар адам айбарлы көрінген. Ал аттылы адам қамшысын үйіргенде одан ескенбейтін жан болмаған. Ежелден баласының сабын ашық айтпайтын халқымыз, шаңыраққа ілінген қамшыға қарап-ақ қанша баласы бар екенін білген. Қамшының безендірілуіне қарап неше ұл, неше қыз екенін аңғарған. Себебі қыздың қамшысы асыл тастармен көмкеріліп, көз тартарлықтай әдемі болған. Негізіннен қамшы қайырғылып ілінді. Ал салдырап ілінген қамшы ол үйдің ері жок екенінен хабар берген. Қамшының ілінуінің өзін бар ақпарды сыйдырған халқымыздың даналығына шек бар ма?

Қамшының қадірі мен қасиетін



нақтылайтын деректер жетерлік. Тарихтан сыр шертіп, солардың бірқатарына тоқталсақ Қамшы бар жерде жың-шайтан болмайды деп есептеп, оны ер баланың бестігіне, кейіннен жағын орнына, төсегінің басына іліп қоятын болған. Ол жамандықтан қорғап қана қоймай, ер баланы рухтандырады деп сенген. Сондай-ақ ертеде жазасыз опық жеген адамдар ренжіткен адамның үйін қамшымен сабаған. Сонда ол үйден ырыс, береке кетеді деп болжаған.

Тәуке ханның тұсындағы «Жеті жарғы» заңында да қамшының өзіндік орны болған. Мәселесін шешуі келген жан өзі таңдаған бидің алдына қамшысын тастағанда, сол би төрелігін айтқан. Келісім-шарт жасайтын кезде де қамшыны ортаға тастаған. Ал қамшының сынуын қазақ жаман ырымға балаған. Мәселен, ғылым-білім қуып жүрген Шоқан Уәлихановқа әкесі «Бәрің таста, сұлтандыққа сайланасың» дегенде, ол ғылым жолын таңдап келісім бермеген. Сонда ызаға булыққан әкесі Уәлихан «Сен менің балам емессің» деп қамшысын сындырып лақтырыпты. Сол оқиғадан алты ай өткен соң

Шоқан отыз жасында дүниеден өткен. Осыған ұқсас жайт Төлеген мен Қыз Жібекте де кездеседі. Төлегенді әкесі шақырып алып: «Бауырың Сансызбай жоңғармен соғысып ел қорғауда, ал сен әлі қыз қуып серуендеп жүрсің. Атастырылған қызды аласың» дейді. Сонда Төлеген Жібекті сүйетінін айтқан. Оны естіген әкесі Төлегенді қуып, өз қамшысын сындырған. Сол мезетте Төлеген Жібекке барып «Өзіңе жар тап, менің өмірім шектеулі» деген екен. Қамшының сынағанына қарап, өмірін болжаған Төлеген жеті күннен кейін өмірден өткен. Бұл оқиғалар мүмкін сәйкестік болар. Десе де, қамшының қасиеттілігін де жоққа шығаруға болмайды. Себебі ел аузында «Қамшының сабы сыңса – қатын өледі, пышақ сабы сыңса – күйеуі өледі» деген сөз де қалған. Қаралы хабарды сөзбен жеткізе алмай қиналғанда қамшыны қолданған.

Тәрбиелік мәні жоғары

Қамшының қазақ өмірімен біте қайнасқаны сондай, оны ұстау мен қолданудың өзіндік

ережелері мен тәрбиелік мәні бар. Әдетте қамшыны оң қолмен, екі бүктеп ұстаған. Ал оның өрмін салбыратып ұстау дұшпандықтың, әдепсіздіктің белгісі саналған. Жөн, жол сұраған жанға саусақпен емес, қамшымен нұсқап көрсетіп болған. Қамшыны сыйға тартқанда кісінің қолына ұстатпай, жерге тастайтын болған. Оның мәні – береке-құт бірге кетпесін, ұшығы жерде қалсын дегені. Ал қамшы ұрлау – қазақ үшін ең үлкен қылмыстың бірі болған. Сондай-ақ ата-бабамыз қамшы арқылы өзінің көзқарасын, ниетін, қарым-қатынасын білдірген. Осыған орай ел аузында «қамшысының ұшын да бермеді», «төбесіне қамшы ойнатты», «қамшысын білемдеді», «қамшының сабындай», «қамшы екі ұшты» деген тұрақты тіркестер әлі күнге дейін сақталған.

Дәстүрге дем берсек

Ата-дәстүрді берік ұстанған халқымыз болашақ ұрпақтың мықты болуын көздеп, қан тазалығы үшін жеті атаға дейін қыз алыспағаны мәлім. Шыққан тегіне қарап құда түсу арқылы ұл мен қыз шаңырақ көтерген. Осындағы басты дәстүрдің бірі – қамшы ілу.

Ұлына қалыңдық іздеген әкесі бойжеткен қызы бар әулеттерді іздеген. Болашақ құдаларының тегін білмекке ыждағаттылықпен сұрастырған. Ал қызы ұнап, сөз байласқысы келсе, үйдің он жағындағы керегеге қамшысын іліп кеткен. Сол қамшының көрген қыз да, өзін келін болуға дайындаған. Қамшының қалай жасалғанына қарап-ақ құда түскелі отырған әулеттің деңгейін болжаған. Салт бойынша қыз әкесі өз жауабын беруі тиіс. Егер қарсылық білдірсе, елші арқылы қамшысын қайтарып берген. Дәстүр «Қамшы қайтарып» деп аталған.

Бұл дәстүрдің тағы бір нұсқасы бар. Онда алдымен жігіт қызды көруге келеді. Қыздың ата-анасы шаңырағына келген қонақтарды күтіп алып, шығарып салады. Сонда жігіт қызды ұнатса қамшысын кереге іліп кететін болған. Бұл «қыз ұнады, құда түсуге келеміз» деген белгі. Бұл дәстүрдің қамшымен байланысты болуында да мән бар. Ол қамшының сабындай ұақытта ұл мен қыз табысса, біз қыз бен жігітті біріктіреміз деген тәрбиелік ұғым бар.

Сонымен қатар, «Қамшы ойыны» деп аталатын күрделі

ұлттық ойын түрі болған. Қолынан қамшы түспейтін азаматтар арасында қамшыгерлік өнер де болыпты. Бұл не десеніз? Қамшыгер – қамшының көмегімен дүйім жұрт алдында өнер көрсететін адам. Төрт жақтан керілген өгіз терісін қамшымен бір тартқанда-ақ тіліп түсіру, ұрысқанжалда жауын қамшымен алу, қасқыр соғу – қамшыгердің абыройын арттырған. Қамшы ұл баланы «атқа мінгізу» тұрпында да басты құрал ретінде ат тізгінінен бірге ұсынылады. Балаға қамшы ұстату арқылы оның ер жеткенін сезіндірген. Тіпті жаңа түскен келіннің бетін үкілі, қоныраулы қамшымен ашатын кездер де болыпты.

«Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» демекші, бұл күні аталған тұрпытар кездесе қоймағанмен, жаңаша дамып, өзгеріске ұшырап қолданылып жүрген тұсау кесу рәсімінде қамшының өзіндік орны бар. Алғашқы қадамын басқан бүлдіршін ақ мағаны жүріп өткен соң, оның алдына таңдау жасау үшін біршама зат қойылады. Оның қатарында кітап, ақша, қамшы да бар. Егер бала кітапты алса – данышпан, ақшаны ұстаса – бай, қамшыны таңдаса – ел тізгінін ұстайтын азамат болады деген ұғым қалыптасты. Бұл ұлттық құндылықтың ұмыт қалмай қолданысқа енуі демеу те болады.

Сондай-ақ қамшы – сыйлықтың төресі. Елуге дейінгі азаматқа тобылғы сапты қамшыны сыйласа, онан үлкендерге тұяқ басты қамшы тарту еткен. Ал емші-балгерлердің қамшысы саудаға салынбаған. Өйткені жың-шайтанды құатын қасиеті бар қамшы өте құнды, бағалы деп есептелген. Оны емшілер өз ризашылықтары арқылы қалаған адамына сыйлаған. Қазір құрметті тұлғаға қамшы сыйлау сәнге айналуда. Дәстүрдің бұлай жаңғырғанына қуанбасақ, ренжі қоймаспымыз анық. Бірақ, қамшының киесін біліп, қадірін түсінетін адам ғана ұстаса екен дейміз. Себебі, оны аяқ астына тастауға болмайды. «Қамшы ұл болсаң қолыңда, құл болсаң төбеге ойнайды» деген халқымыз қамшының құнын жақсы білген.

п/с: Түйін Қалай десек те, қамшы көне жәдігерге айналып кетпеуі тиіс. Дала қазғының өмірінде өшпес ізі бар қамшының қасиетін біліп, құнын түсірмеу – ұл мен қыз табыса, біз қыз бен жігітті біріктіреміз деген тәрбиелік ұғым бар.

Ардақ СӨКЕНҚЫЗЫ

Самаурын

Қазір ақырын жаппай қолданыстан кетіп бара жатқанымен, самаурын біздің тіршілігімізде ерекше орынға ие. Біздің өмірімізбен тығыз байланысып кеткені сондай, ол ертеден бері ата-бабаларымызбен бірге жасасып келе жатқандай болып көрінеді.

Алайда, самаурынның пайда болғанына соншалықты тым көп уақыт та өткен жоқ.

Әдетте оның тарихы тура лы сөз болғанда, жұрттың көбі бұл шай қайнатқыш жабдықтың отаны Ресей деп ойлайды. Шын мәнінде самаурынды таза орыстың дүниесі деп есептеу дұрыс емес. Зерттеушілер мұндай жабдықтың ежелгі Римде болғанын айтады. Ол екі қабат қабырғасы бар, ортасына су тоқтырылатын, металдан жасалған тік бұрышты аппарат болған. Ал конструкцияның ортасына от жағылған. Осыдан берілген ыстық қабырғаны жылытып, суды қайнатқан.

Ал Батыс Еуропа жұрты «орыстың шай қайнатқыш машинасы» деген ат таққан қазіргі заманғы кескініндегі самаурынның Ресейде шығарылғаны рас. Осыған байланысты оның бастапқы үлгісін Бірінші Пётр Голландиядан әкеліпті деген де дәлелдер естіліп қалады. Бірақ бұл шындыққа жанаспайды. Себебі, Ресейде самаурын патша өлгесін жарты ғасырдан соң ғана Тула мен Орталық Демидов зауытында шығарыла бастаған.

Зерттеушілер шай ішу үшін су қайнататын құралдың іс жүзінде XVII ғасырда Азиядан әкелінгенін жазады. Оны тек байлар ғана пайдаланған. Онда да суық типі қалғанда немесе «көкірек ауруынан» емделу кезінде ғана қайнататын болған. Қарапайым халық бал қосқан дәрілік шөптерді әртүрлі ыдыстарда қайнатып ішіп жүрген. Самаурына ұқсас тағы бір жабдық XVIII ғасырда Англияда да шығарыла бастады. Ағылшындар оған «шай сауыты» деген ат берген.

XVIII ғасырдың басында Орал тауларының етегінде металл өндіру айрықша зор қарқынмен игеріле бастады. Соның арқасында көптеген металлургиялық зауыттар жұмыс істеді. Міне, осы металлдар арқылы алғашқы самаурындар да жасалды. Тарихи деректер бірінші самаурынның 1745 жылы жасалғанын білдіреді. Алайда, бұдан кейін көпобасылқ тізгінді Тула алып кетті. Мәселесі мынада, бұл қала XVII ғасырдың ішінде-ақ ірі металл өңдеу орталығы атанған еді. Мұнда металлдан қару-жарақ түрлері, тұрмыстық заттар және көркем бұйымдар шығарылып тұрды. Бірақ келесі ғасырдың соңында қару-жарақ өндірісі Оралға көшірілді. Содан кейін Тула мануфактурасы өндірістің басқа түрлерін игеруге кірісті. Осылайша самаурын шығару идеясы туды. Ал 1778 жылы туалық Назар Лисицын самаурын шығаратын ең әдепкі зауыттың тұсауын кесті. Бұдан кейін қалада Ломов, Черников, Киселев, Афанасьев секілді көптеген іскерлер самаурын шығаратын өндіріс орындарын қатарға қосты.

Тулада қазір тек қана самаурын түрлерін ұсынатын әлемдегі жалғыз музей бар.

ҚОЛЫ ЖОМАРТТЫҢ ЖҮРЕГІ МӘРТ

Баяғыда қиналған жанға астындағы атын беретін жомарттар болғанын естуші едік. Бірақ өзіміз көрмегеніміз, оған мән бермеппіз. Мұндай нағыз сақ жандардың болатынына өзін қатты тарыққан кезде туыс әпкем жалғыз сиырын сатып, ақшасын берген кезде анық көз жеткіздім... Осыдан бірер жыл бұрын үйде құрылыс жұмыс тарын жүргізіп, құрылысшыларға екі жүз мың теңге берешек болып қалдым. Сатылатын уақсәкелі жерім бар еді, сол өтіп кетер деп дометіп тірлікті бастап жіберген. Оның да сұадыса келе қоймады. Содан беттің арын белге буып, өзін ең жақын тартқан, іштей жақсы көретін адамдарымнан қарызға ақша сұрадым. Ақшалы туыс, дос-жарандарымның бәрі түрлі сылтаулар алып «жоқ» деп бастарын ашып қашты. Үлкен қызым интернеттен доллардың курсын көріп отырып: «Керегі жоқ, алмаңыз. Бас-аяғы екі-үш айда осынышама көтерілсе, жыл соңына дейін не болатынын білмейсіз. Одан да кредит алғаныңыз жақсы», – деді. Сонымен, осы шешімге тоқтап отырғанбыз.

Үйден кіші қызым: «Сізге қонырау шалып жатыр», деп телефондық ұстап, жүгіріп келді. «Кім екен?» деп қарасам, ауылда тұратын, сырлас досымдай уақ кеткен туыс әпкем екен. Менің жағдайымнан хабардар еді. «Ақша таптың ба?» деп сұрады бірден. Мен ешкімнен табылмай, ертең банкке барып несиесі рәсімделген отырғанымды айттым. «Ойбуй, жазған-ай! Ана пәленшеде жоқ па екен?», «Анада ше?», «Мынада ше?» деп бақау тұратын туыс-тумаларды түгелден тастады. Мен бәріне хабарласқанымды, ешқайсысында жоқ екенін айттым. Сосын әпкем: «Мен сені бұлай шырылдатып қоя алмаймын. Оған менің арым жібермейді. Ертең үйге кел. Мен тауып беремін», деді. Сенер-сенбесімді білмедім. Жүгіріп үйге кіріп, күйеуіме әпкемнің сөзін жеткіздім. Ол несиесі алғаннан соның дұрыс екенін айтты.

Сонымен, ертесі күні ауылдағы әпкемнің үйіне жол тарттым. Шынымын айтсам, бұл кісіде ақша бар деп мүлде ойламаппын. Күйеуі ерте қайтыс болып, шигетті бала-шағаны жалғыз өзі асырап жеткізген адам ғой. Барсам, әпкем үйінде жоқ екен. Келіні базарға кеткенін айтты. «Мені шақырып алып, өзі базар аралап кеткені несі» деп біртүрлі болып қалдым.

Келіні екеуіміз шай ішіп бола бергенде әпкем де келді. Өңі шаршаулы көрінді. Сонда да, мені көрісімен жарқылдай күліп, көңілді амандасы. Шай жаналанып, қайта келді. Бірер кесе шай ішіп, өз-өзіне келген

соң әпкем: «Әй, несібең күшті екен, – деді мейірімді жүзінен нұр төгіліп. – Неше күннен бері сенің шырылдап, ақша іздеп жүргеніңді естіп, қайтіп көмектесем деп уайымдап отыр едім. Кеше келді ойыма үйдегі сиырды сату. Соны балам мен келініме айтып едім, айналайындар, бұлар да көне қойды. Екеуі де ойланбастан «берейік» деді. Содан таң аптай тұрып, балам екеуіміз сиырды базарға әкеттік. «Мен ұрлық қылғанда ай жарық болды» дегендей, қасқана тура бүгінгі базарда сиыр көп әрі арзан екен. Өтпей, түске дейін тұрып-тұрып, кетті ғой әйтеуір. Өтпей қалса, үйге алып қайтмамыз ба, сөйтіп, жексенбінің базарына әкеп сатамыз ба» деп тұрған едім».

Құрғандық шайға жіпсіген маңдайын жаулығының ұшымен сүрткіштеген әпкем қамзолының ішкі қалтасынан ақшасын шығарды. Сөйтіп: «Құдайдың құдіреті, артығы да, кемі де жоқ, тура сен сұраған ақша болды да қойды жануардың бағасы», – деп күлді. Ақшаның табылғанына қуансам да, шайларын ақтап отырған жалғыз сиырын мен үшін сатып жібергеніне қатты ыңғайсыздандым. «Әпке, мұныыз не? Аузыңызды аққа жарытып отырған жалғыз сиырды сатып жібергеніңіз қалай? Ертең келініңіз босанса, сөк көжені қалай істейсіз?» – дедім қысылып.

«Бір қозы туса, бір түп жусан артық шығалы» деген. Ол бала да өз несібесімен келер. Баламның айлығы, менің неіретакым бар, жетеді ғой. Уайымдамай, ала бер. Бір байығанда қайтарарсың. Болмаса, біздің үйіне қосқан бір көмегіміз болар», – деді.

Жылап қоя бердім. Бұл менің ешкімге өкпе артпай-ақ, қателігімді түсініп, өз армының алдында ұялғаннан төзілген көз жасым еді.

Әпкеме алғысымды жаудырып, үйге қайтып келе жатып, жол бойы «нағыз жомарт кім?» деп сұрадым өзімнен. Өйткені, мен бұған дейін нағыз жомарт деп, үйі жок қиналып жүрген адамға үй әпере алатын, жетім балалар үйіне ақша аударып мақорлық жасайтын, жол мен мешіт салдыратын байлар ғой деп ойлайтынмын. Содан өзімнің де жұртқа қайырымдылық жасау үшін тез арада байып кеткім келетін. Сөйтсем, нағыз жомарт өзі үйде мен бүлдеге оранып отырып табысының белгілі бір мөлшерін ғана қайыр-садаққа жұмсайтын байлар емес, нағыз жомарт өзіне жетпей тұрса да, өзгенің қамын жейтін осындай кенелійді, жылы жүректі жандар екен ғой.

Баспаға дайындаған
Зибаһ ӘЛІ

Республикалық "Ел тілегі" газетіне хабарландыру бергізіңіз келсе,
8 771 693 31 81, 8 705 982 76 61 нөмірлеріне хабарлассаңыз болады.

Меншік иесі: «Сан-Ай» пресс ЖШС

Директор
**Егиншибаева Анар
Жақсыбекқызы**

Ақылдастар алқасы:
**Әбілбай Садықбаев
Данияр Сұлтанбеков
Рысбай Кәрімов**

Бас редактор
**Сыдықова
Жанар
ТҰРДЫБЕКҚЫЗЫ**

Жауапты хатшы
**Зибаһ ӘЛІ
8 705 982 76 61**

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, 2021 жылдың 28 сәуіры айында есепке алу туралы № КЗ36VPY00035077 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001:2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификацияланған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – Г, 19.10.2007 ж

Редакцияның мекен-жайы:
Қызылорда қаласы,
Байтұрсынов көшесі 46/36
Телефон:
8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсынов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62
Газеттің басылу саласына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты Тел: 23-54-91

Қолжазба еңделеді және авторға қайтарылмайды
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді
Газет бетінде жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

Таралымы 9820 дана
Индекс 66503
Тапсырыс №173

E-mail: gazeta_eltilegi@mail.ru
Электронды нұсқасы:
https://rat-gazeta.kz/